

Есіл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 маусымдағы № 5/3 "Есіл ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 тамыздағы № 7/6 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 19 қыркүйекте № 5535 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 19 ақпандағы № 45/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 19.02.2019 № 45/2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Есіл аудандық мәслихатының "Есіл ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2016 жылғы 21 маусымдағы № 5/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5466 тіркелген, 2016 жылғы 1 тамызда "Жаңа Есіл" аудандық газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешіммен бекітілген, Есіл ауданындағы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2 тармақтың 9) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"9) уәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы

бойынша филиалы – "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы
" департаменті Есіл аудандық бөлімшесі;".

2. Осы шешім Ақмола облысының әділет Департаментінде мемлекеттік
тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап
қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы*

К.Мистриди

*Аудандық мәслихат
хатшысы*

С.Ағымбаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Есіл ауданының әкімі

А.Қалжанов

18 тамыз 2016 жыл